

Жаңа кітаптармен толықты

2004 жылдың басынан бастап С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана қоры жаңа кітаптармен толықтырылуда. Мемлекеттік тапсырыс бойынша 1049 кітап алынды. Келіп түскен әдебиеттердің жартысы қазақ тілді басылымдар. "Жалын", "Жібекжолы", "Аударма", "Елорда", "Жазушы", "Сөздік-Словарь", "Раритет", "Жеті жарғы", "Фолконт", "Ғылым", "Алаш", "Медицина", "Қазақстан", "Балалар әдебиеті", "Ана тілі", "Алматы кітап", "Өнер" және т.б. баспалардан шыққан әдебиеттер. Олардың арасында жаратылыстану, экономика, саяси, тарихи, ғылыми, дүни, философия, филология, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, көркем әдебиет салаларына арналған әдебиеттер, оқулықтар баршылық. Әр кітап өз оқырманын табады. Олардың кейбіреуіне тоқталып кетейік.

Тәуелсіздік туын қолда берік те бекем ұстау әр қазақтың, Қазақстанның өз Отанын деп санайтын әр адамның ең басты борышы, ең биік мақсаты. Құқықтық мемлекетке, демократияшыл қоғамға тән заңдылықтарды қатаң сақтай алсақ, сонда ғана осы мақсатымызға жете аламыз. М.Нәрікбаевтың "Тұғыры биік туған ел" ("Ел мен Елбасы туралы ой-толғам") кітабында осы мәселе жайлы сөз қозғалған.

Тәуелсіз Қазақстан парламентаризмнің теориялық негіздері, қоғамның саяси жүйесіндегі орны, қалыптастыру және даму ерекшеліктері жайлы Н.Қалиевтің "Қазақстан парламентаризмі: саяси талдау" кітабында айтылған.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың "Бейбітшілік кіңдігі" ("Эпицентр мира") кітабында Елбасымыз әлемдегі ядролық қару-жарақтың зардабы, оны жою, бүкіл адамзатты дүрліктеретін күрделі мәселені көтерген.

Сонау ежелгі дәуірден бастап қазіргі кезеңге дейінгі саяси билік, қоғамның саяси жүйесі, мемлекет, құқықтық ой-пікірлер, адамның құқықтары мен бостандықтары туралы ілімдер мен көзқарастарды М.Мұхамедов, Б.Сатершинов, Б.Сырымбетұлының "Саяси-құқықтық ілімдер тарихы" оқу құралынан табасыздар.

1995-2001 жылдары Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі болған саясаткер Қ.Сұлтанов "Мүдделер тоғысы. Жолсапар жазбалары" еңбегін ҚХР-ның Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына арнаған. Бұл шығарма дипломаттың жолжазбалары жанрында жазылған.

Белгілі философ, жазушы Ғ.Есім "Адамзат. Философиялық эсселер мен новеллалар" кітабын адам болмысы туралы білім саласы - философиялық антропологияға арнаған. Кітапқа енген эсселер мен новеллалар философиялық проза жанрында жазылған. Философиялық проблемаларды проза үлгісінде жазу грек ойшылы Платоннан басталған. Автор осы дәстүрді жалғастыра отырып, адам болмысы туралы тың әрі терең ойларын ортаға салған. Сонымен қатар бұл тақырыпты қысымша Э.Х.Тұрғынбаевтың "Философия" оқу құралынан таба аласыздар.

С.Әміргазиннің "Дін және жауапкершілік" еңбегінде әлеуметтік-философиялық мәні ретінде қазақ халқының рухани, діни және мәдени қайнар көздері қарастырылған. Бұл еңбек азаматтық жауапкершілікті арттыруды қажет етіп отырған қазіргі заман ағымындағы қоғамдық сұранысқа жауап іздеп, ұлт руханиятындағы жауапкершілік мәселесінің деңгейін зерделеуге ұмтылады.

Тарихи тақырыпта, Махамбет әлемі сериясымен шыққан Ә.Сарайдың "Екі тарлан (Исмайл-Махамбет туралы зерттеу) және екі тілде жазылған "Арман қазасы" - "Гибель поэта" жинағында Махамбеттің қазасына қатысты архив құжаттарына сүйеніп жазылған ғалымдар мен антрополог-дәрігерлердің ғылыми еңбектері, тарихи зерттеулер, сондай-ақ көркем шығармалардан үзінділер топтастырылған.

"Байырғы түркі өркениеті жазба ескерткіштер" кітабында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған "Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер" атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары берілген.

Әйел затының көне заманда ерекше орын алатындығын қайталап айта берудің қажеті жоқ. Қазіргі ұнарақтармен салыстырғанда ежелгі грек және римдік әсемдікті тәуірлей бағалай алған. Оның айғағы - бізге мұра ретінде көне заманнан жеткен көптеген өнер туындылары. Бұл жайлы В.Б.Заксров құрастырған "Ұлы адамдардың өміріндегі махаббат пен әйелдер" жинағынан танысалай аласыздар.

Жаратылыстану саласы бойынша Ж.Жатқанбаевтың "Экология негіздері" атты оқулығында еліміздің экологиялық мәселелері толық қамтылған. Биосфера, ноосфера жайында көптеген ұғымдарға анықтама бере отырып, экологиялық жаңа деректермен толықтырылған. Еліміздің қорықтарының экологиялық мәселелері көтеріліп, ғылыми зерттеулер берілген. Оқулық оқу жүйелеріне арнала отырып, оқушыларды, студенттерді және көпшілік қауымды экологиялық білім мен тәрбие беруге бағыттайды.

27.01.04

Мая ИСАҚАЕВА,
С.Торайғыров атындағы облыстық
кітапхананың библиографы.